Бөрлі ауданының «Жарсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің қызметінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың қорытындылары туралы

АНЫҚТАМА

Жарсуат ауылы **03 қыркүйек 2026 жыл**

Талданатын объект туралы мәлімет: Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданының Жарсуат ауылдық округі әкімінің аппараты (*бұдан әрі-Аппарат)*
Мекенжайы: БҚО, Бөрлі ауданы Жарсуат ауылы, Сырым Датов көшесі №16/1

2025 жылдың 01 тамызнан бастап 2026 жылдың 01 тамызы аралығында кезең бойынша «Жарсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасалды.

Талдау ауылдық округ әкімінің 2026 жылғы 28 шілдедегі №19 «Жарсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» шешімі негізінде жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы келесідей құрамда құрылды.

Балмулдин Бауыржан Кабдоллаевич – Жарсуат ауылдық округінің әкімі;

Орынбасарова Раушан Данатовна – Жарсуат ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы;

Потапенко Александра Леонидовна - Жарсуат ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы;

Кадыргалиев Булат Серикович – Жарсуат ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық кеңесінің төрағасы.

Талдау жүргізу мерзімі: 03.08.2026 ж. – 03.09.2026 жыл.
Бақыланатын кезең: 01.08.2025 - 01.08.2026 жыл.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ, СОНЫҢ ІШІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ШАЛДЫҚҚАН ЛАУАЗЫМДАРДЫҢ ТІЗБЕСІН АНЫҚТАУ.

«Жарсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметінде 2026 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша жалпы штат саны 13 адам. Соның ішінде мемлекеттік қызметшілер: 4/1. Штаттан тыс қызметкерлер: 9 адам.

Бақыланатын кезеңде мемлекеттік қызметшілер арасында кадр ауысушылығы бойынша: конкурс бойынша жұмысқа қабылданғандар – 1 (ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы), Бөрлі ауданының аумақтық сайлау комиссиясының шешімі бойынша – 1 (ауылдық округінің әкімі). Жұмыстан 2 мемлекеттік қызметші босатылды, оның ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін босатылғандар жоқ.

Бақыланатын кезеңде штаттан тыс қызметкерлер арасында кадр ауысушылығы бойынша: жұмысқа қабылданғандар – ауылдық округі әкімі аппаратының күзетшісі – 1, көлік жүргізушісі - 1. Жұмыстан 2 штаттан тыс қызметші босатылды, оның ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін босатылғандар жоқ.

2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамыз аралығындағы кезеңде тәртіптік ескерту түріндегі тәртіптік жауапкершілікке 1 мемлекеттік қызметші тартылды.

Ағымдағы жылы Жарсуат ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлерімен салық декларациясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде ұсынылды.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде аффилирлену фактілері, сондай-ақ олардың жақын туыстары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты адамдардың мемлекеттік лауазымдарға орналасу фактілері орын алған жоқ.

Жарсуат ауылдық округте жергілікті атқарушы мемлекеттік органдарының мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер сақталуда.

Жарсуат ауылдық округте жергілікті атқарушы мемлекеттік органдарының мемлекеттік қызметшілерімен акциялар, пайлар, жеке кәсіпкерлікпен айналысу фактілері орын алған жоқ.

Жарсуат ауылдық округте жергілікті атқарушы мемлекеттік органдарында коммерциялық ұйымдардың құрылтайшылары болып табылатын, сондай-ақ осы ұйымдардың басқару органдарының құрамына кіретін мемлекеттік қызметшілер жоқ.

Талданып отырған кезеңде Жарсуат ауылдық округте жергілікті атқарушы мемлекеттік органдарының мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтар жасау фактілері орын алған жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйым салуларды бұзу фактілері анықталмады.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН ШАРТТАР ЖАСАСУ.

Жарсуат ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамыз аралығындағы кезеңде 64 мемлекеттік сатып алу жасалды. Оның ішінде: бір көзден сатып алу – 37, ашық конкурспен – 1, электрондық дүкен – 1, баға ұсынымдары бойынша – 17, өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу – 8 сатып алулар жүргізілді.

Жүргізілетін мемлекеттік сатып алулар уақтылы және тиісті деңгейде жүргізілуде. Кемшіліктерге жол бермеу мақсатында үнемі мемлекеттік сатып алу заңнамасын түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

«Жарсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері тікелей басшымен, оның зайыбымен туыстық қарым-қатынаста емес. 2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамыз аралығындағы кезеңде аппаратта мүдделер қақтығысы болған жоқ.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Аппаратта талдау жүргізілген кезеңде 2025-2026 жылға бекітілген жоспарына сәйкес 227208,2 мың теңге қарастырылды, игерілгені 174591,8 мың теңге немесе 76,84% құрайды.

Талдау жүргізу барысында бұзушылықтар анықталған жоқ.

ҚР Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі №185 бұйрығымен бекітілген бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша 2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамыз аралығындағы бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есептерін осы Нұсқаулықтың 21-қосымшасына сәйкес 4-ББІА нысаны бойынша Бөрлі ауданының экономика және қаржы бөліміне ұсынылды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңына сәйкес, ауылдық округ бойынша 5 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Олар:

1. Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу;
2. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;
3. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою
4. Елді мекендер шегінде объекті салу үшін жер учаскелерін беру;
5. Жер учаскесін жекеменшікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеуге сату

Мемлекеттік қызметтер бойынша өтініштер ауылдық округі әкімі аппаратына www.elisence.kz порталы арқылы тіркеліп, жұмыстану аппараттың мамандарына жолданады. 2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамыз аралығындағы кезеңде ауылдық округі әкімі аппаратына мемлекеттік қызмет көрсету бойынша 33 өтініш түсті. Аталған кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету барысында орын алған заңбұзушылықтар болған жоқ.

РҰҚСАТ БЕРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Жарсуат ауылдық округі әкімінің аппаратында 2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамыз аралығындағы кезеңде 137 өкім, 39 шешім қабылданды.

2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамыз аралығындағы кезеңде қабылданған өкімдер мен шешімдерге наразылықтар мен заңға қайшы әрекеттер туындаған жоқ. Аталған нормативтік құқықтық актілердің азаматтардың, заңды тұлғалардың, кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін бұзушылық нормалары анықталған жоқ.

Ұсыныс: Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау кезінде жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуін қатаң бақылауға алу;

Әрбір жартыжылдық сайын қабылданған актілерге құқықтық мониторинг жүргізу.

Заңға қайшы келетін немесе ескірген нормалары бар актілер анықталған жағдайда уақтылы заңнамаға сәйкес келтіру жұмыстарын атқару.

БАҚЫЛАУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына, басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сай Жарсуат ауылдық округі әкімі аппаратының қызметінде бақылау функциялары жүзеге асырылмайды.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕР

Жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350 Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі негізінде жүргізіледі. Ауылдық округі әкімінің аппаратына түскен барлық өтініштер Е-өтініш платформасы арқылы тіркеуден өтіп, тиісті жауап беріледі.

2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамыз аралығындағы кезеңде ауылдық округі әкімінің аппаратына 14 заңды тұлғадан өтініш, жеке тұлғадан 11 өтініш түскен, округ әкімінде жеке және заңды тұлғаларды қабылдау болған жоқ. Түскен өтініштердің көпшілігі жер, тұрмыстық мәселелер және т.б. болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы өтініштер мен шағымдар түскен жоқ. Өтініштерді қабылдаудан бас тарту фактілері орын алған жоқ.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ.

Аппарат қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«ЕСЭДО ГО» ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай платформасы;

«Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Enbek.kz» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Парус-Каз» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Қазынашылық- клиент» ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» жүйесі;

«elicense.kz» ақпараттық жүйесі;

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ҚР Бас прокуратурасының ақпараттық сервисі.

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

ҚЫЗМЕТТІҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ЖАРИЯЛЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Жарсуат ауылдық округі әкімінің аппараты ақпараттың азаматтарға ашықтық деңгейі мен дәрежесін арттыру үшін «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы аясында ашықтық жоспарын бекіткен болатын.

Жоспарға сәйкес, мемлекеттік органдар «Мемлекеттік органдар бірыңғай интернет-ресурстарының порталында» өз қызметі туралы жалпы сипаттағы ақпаратты, ағымдағы қызметі туралы, оның ішінде азаматтық бюджет, бюджет қаражатының жұмсалуы, кадрлармен қамтамасыз етілуі, мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі, мемлекеттік сатып алудың жүргізілуі және т. б. мәселелер бойынша ақпаратты уақытылы орналастырады.

ҚОРЫТЫНДЫ: Бөрлі ауданының «Жарсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында күрделі мәселелер анықталған жоқ. Аппаратта жұмыстың өту барысы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылуда.

Жарсуат ауылдық округі әкімі **Б.Балмулдин**

Жұмыс тобының мүшелері:

Р.Орынбасарова

А.Потапенко

Б.Кадыргалиев